



Magzhan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 10 (912) 12 наурыз 2026 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi

https://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

САЙЛАУ КҮНІ АВТОБУСПЕН ЖҮРУ ТЕГІН БОЛАДЫ

Булаев қаласы тұрғындарының назарына!

2026 жылғы 15 наурызда сағат 09.00-ден 15.00-ге дейін сайлаушыларды қаланың сайлау учаскелеріне жеткізу үшін Булаев қаласы бойынша автобустар қозғалысы ұйымдастырылады.

Булаев қаласының оңтүстік жағымен қозғалыс қолданыстағы маршрут шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Қаланың солтүстік жағында автобустың жүру кестесі:

Колледж: шығу сағат 09.00 - сағат 10.00 - сағат 11.00 - сағат 12.00.

«София» дүкені: сағат 09.10 - сағат 10.10 - сағат 11.10 - сағат 12.10.

«Светлана» дүкені: сағат 09.20 - сағат 10.20 - сағат 11.20 - сағат 12.20.

«Дионис» дүкені: сағат 09.25 - сағат 10.25 - сағат 11.25 - сағат 12.25.

№ 16 дүкені: сағат 09.35 - сағат 10.35 - сағат 11.35 - сағат 12.35.

«Меркурий» дүкені: сағат 09.45 - сағат 10.45 - сағат 11.45 - сағат 12.45.

№ 2 Булаев ОМ: сағат 09.55 - сағат 10.55 - сағат 11.55 - сағат 12.55.

Жол жүру - тегін.

Булаев қаласы әкімінің аппараты.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

ЖЕРЛЕСІМІЗ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі елеулі еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан айтарлықтай үлесі, сондай-ақ әскери және қызметтік борышын адал орындағаны үшін Қазақстанның көрнекті әйелдерін марапаттады.

Солардың қатарында Мағжан Жұмабаев ауданы полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция майоры Оксана Липатова - Қазақстан Республикасының «Жауынгерлік ерлігі үшін» мемлекеттік медалмен марапатталып, награданы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан алды.

Офицердің айтуынша, еңбегінің осындай жоғары бағалануы – үлкен мәртебе. Оксана Владимировна алдағы уақытта да өріптестерімен бірге халық пен мемлекет игілігі үшін адал өрі үлгілі қызмет етуге дайын екенін атап өтті.

О.В. Липатова ішкі істер органдарында 2013 жылдың тамыз айынан бері қызмет атқарып, жоғары кәсібилік, жауапкершілік және қызметіне адалдық танытып келеді. Еңбек жолын өзі туған Булаев қаласында орналасқан аудандық полиция бөліміндегі тергеу бөлімшелерінде бастаған ол тергеуші және аға тергеуші болып жұмыс істеді.

2026 жылдың ақпан айынан бастап ол Мағжан Жұмабаев ауданы полиция бөлімі

бастығының тергеу жөніндегі орынбасары болып тағайындалып, қазір абыройлы қызметін жалғастыруда.

Біздің аудан – облыстың шекара маңындағы аудандарының бірі болғандықтан мұндағы қызметтің ерекшелігі - жоғары кәсібилікті, жауапкершілікті және күрделі жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білуді талап етеді.

Полиция майоры Оксана Липатова өз ісіне адал, талапшыл әрі өте жауапты офицер. Осылайша, оның құқықорғау органдарындағы мінсіз қызметі мен кәсіби жетістіктері өріптестеріне үлгі болып, лайықты наградаға бүкіл мағжандықтарды зор мақтанышқа бөлеп отыр.

Ендеше, Оксана Владимировнаны лайықты мемлекеттік наградасымен шын жүректен құттықтап, денсаулығы мықты болып, қызметінде жаңа табыстарға жетуіне және еліміз бен туған ауданымызға игілікті істер жасауына тілектеспіз.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қазақстан халқына ҮНДЕУІ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ - ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ КЕПІЛІ

Қадірлі отандастар!

Ардагерлер ағайын, аяулы жастар!

Еіз, өмірдің сан қилы өткелдерінен өткен, еліміздің қалыптасу жолында азыбай еңбек еткен аға бұрын өкілдері ардагерлер қауымы болашақ алдындағы үлкен жауапкершілікті сезіне отырып бүйегіне тарихи сәтте баршаңызға үндеу тастаймыз.

Мемлекетіміздің ерметі — өз қелімізінде

Алдағы Азаматтық референдум – жай ғана саяси науқан емес. Еңгі.

- Әділетті Қазақстанның жаңа дәуірін бастау.
- Халықтың қалауымен жазылған Ата

заңымызды бекіту.

- Әлеуметтік әділдік пен заң үстемдігін орнату.

Еіз көрсен қиындықтарды кейіні ұрпақ көрісеуі тиіс. Еңгі реформалар балаларымыз бен немерелеріміздің еркін, қауіпсіз және өркенестігі мемлекетте өмір сүруіне жасаған нық қадамы.

Тұрғын - біздің басты байлығымыз

Еіздің әрбір үлкен құндылығымыз татулық, Референдум арқылы біз бірлесімізді бекітсек, ішкі тұрақтылығымызды нығайтамыз. Заңды құтқайы, тарих бізден батыл қадамдарды талап етеді.

Еіз, ардагерлер қауымы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамаларын татулық

қалай отырып, баршаңызды дауыс беру учаскелеріне келесі шақырамыз.

Біздің тапандарымыз:

1. Әділетті Қазақстан!
2. Халықтық Конституция!
3. Мәңгілік Ел болашағы жастар!

Құрметті бауырлар, отандастар!

Референдумға қатысу, Жаңа Конституцияны қалдау - бұл Отан алдындағы парызымыз, елдікке деген адалдық! Әділдіктің туы биік, өкелеңділігіміз баянды болсын!

15 наурыз күні отетіңіз Референдумға бір пікірмен қатысайың!

«БЕСІКТІ ДЕ, ӘЛЕМДІ ДЕ ТЕРБЕТКЕН ӘЙЕЛ»



Көктемнің шуақ шашқан мерекесі «Ана - өмір бастауы» прологымен басталып, сахнада ана мен баланың махаббаты, жүрек үндестігі, ананың мейірімі мен жылылығы сомдалды. Әсіресе, анасына ақ тілектерін арнаған балалардың өнеріне көрермен риза болып, зор қошемет көрсетті. Осылайша, адамзат баласы үшін ең қастерлі жан, ең қасиетті сөз – «Ана» екені және ол – тіршіліктің бастауы екені паш етілді.

Алғашқы болып әйелдер қауымын аудан әкімі Рахат Смағұлов құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

Құрметті әйелдер!
Сіздерді Халықаралық әйелдер күні — 8 Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!
Бұл шуақты көктем мерекесі сұлулықтың, мейірімділіктің, нәзіктіктің және өмірлік даналықтың символы болып табылады. Сіздер қоғам өмірінде ерекше орын аласыздар — отбасының берекесін сақтап, ұрпақ тәрбиелеп, кәсіби салада табысқа жетіп, ауданымыздың, облысымыздың және бүкіл еліміздің дамуына зор үлес қосып келесіздер.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Әйел — шаңырақтың шырағы, ұлттың ұйытқысы» Сіздер өмірімізді жылулыққа, жарыққа және қамқорлыққа бөлеп, әрдайым қолдау мен шабыт сыйлайсыздар.

Сіздерге зор денсаулық, отбасылық амандық, қызметте табыс және жеке бақыт тілеймін. Әр шаңырақта әрдайым бейбітшілік, сүйіспеншілік пен өзара түсіністік орнап, әр күн қуанышқа, құрмет пен жақындардың ықыласына толы болсын, - деп Рахат Назымбекұлы марапаттау рәсіміне көшті.

Мереке күні көп жылдық адал еңбегі, өз ісіне жауапкершілігі мен кәсібилігі үшін және 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнін мерекелеуге байланысты Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен «Таманское» ЖШС диспетчері Балшекер Жағыпарова марапатталса, «Булаев Астық» ЖШС бас бухгалтері Алма Байтасова және «СК Агро – 2050» ЖШС директорының шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары Галина Краль Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» тесбелгісін иеленді.

Сондай-ақ әр салада адал еңбек етіп келе жатқан мағжандық әйелдер облыстың

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні қарсаңында аудандық Мәдениет үйінде салтанатты шара өтті. мағжандық әйелдер қауымына зор құрмет көрсетілді. Бұл күні мерекелік концерт күні өткізіліп, нәзік жандар әдемі бөсендірілген баштар алдын суретке түсіп, дәліз бойы төселген қызыл кілеммен жүріп өтіп, сері жігіттер сыйлаған гүл шоқтарын алып, әсем өттің сүйлемденуімен концерт залына жайғасты.

әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі және 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне әрі облыс әкімінің Құрмет грамотасына және Алғыс хатына ие болды.

Мереке барысында білім беру, медицина, мәдениет, спорт, мемлекеттік қызмет, ауыл және орман шаруашылығы, электр желілері, құдыққорғау, кәсіпкерлік, статистика, пошта мен банк қызметі және әлеуметтік саланың дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан бірқатар нәзік жандарға көп жылдық адал еңбегі, өз ісіне жауапкершілігі мен кәсібилігі үшін және 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнін мерекелеуге байланысты аудан әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табыс етілді.

Марапаттау рәсімі Жұмабике Қыдырминаға, Гүлнәр Жанпейсоваға және Қалима Шақановаға ҚР ҰҚК Шекара қызметінің

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің «Отан қорғаушының анысы» тесбелгісін табыс етуімен мересіне жетті.

Салтанатты шара одан әрі аудандық Мәдениет үйінің ұйымдастырған концерттік бағдарламасымен ұласып, мерекеледе Солтүстік Қазақстан филармониясының әншілері Мұхит Ахметов пен Бүркіт Жанай, Динара Сурағанова, Әсел Баймолдина, Әйгерім Бейсеева, Назерке Айбекқызы, Константин Павлов, Людмила Романова, Бибарыс Халел, Арнұр Ахметжанов, Самат Қожахметов (Қарақоға а/о), Елена Панюшона (Возвышен а/о), Татьяна Ахтырская (Алтын дән а/о) сынды ауданның көркемөнерпаздары, балалар вокалды хоры, «Ханшайым» үлгілі би тобы, «Легион Мидлз», «Салтанат» мен «Ассорти» (Возвышен а/о) би топтары мен «Айдиназ» три-

осы өнер көрсетті. Сондай-ақ залға лық толған мағжандықтар театрландырылған қойылымды тамашалап, жиналған жұртшылық өртістердің өнеріне дән риза болды.

Осы ретте, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп оқушыларының аталған мерекелеге жан-жақты әрі белсене қатысқанын атап өткен жөн. Олар мерекеле алдында әйелдерге гүл шоқтарын сыйлау шарасы мен театрландырылған қойылымдарға қатысып, хор құрамында өн салып, ұжым сапында би биледі.

Әрине, концерт бойы музыка, шамдар, жасанды түтін шығару, дыбысты реттеу, сахна шымылдығын ашып-жабу сияқты көзге аса түсе бермейтін, бірақ мерекелеге ерекше сан беретін жұмыстардың басы-қасында жүретін техникалық режиссерлер тобы мен қоюшы-режиссер Фалия Жақенованың еңбектері зор екені айdan анық.

Салтанатты концерт соңында тамаша өнер көрсетіп, көрермендерге естен кетпес көңіл күй сыйлаған барша өнерпаздарға Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің атынан шынайы алғыс пен жүреқжарды лебіз ретінде ықылас гүл шоғы табыс етілді.





МЕМЛЕКЕТТІК БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМІН ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі;
2) жасына байланысты зейнетақы төлемдері;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері түріндегі зейнетақымен қамсыздандыруға құқығы бар.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – Әлеуметтік Кодекстің 207 бабының 1 тармағына сәйкес белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенде берілетін ай сайынғы ақшалай төлем.

Әлеуметтік Кодекстің 207 бабының 1 тармағына сәйкес жасына байланысты төлемдер ер адамдарға 63 жасқа толғанда тағайындалады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдер әйел адамдарға:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;

2029 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;

2030 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;

2031 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар адамның немесе оның заңды өкілінің өтініші негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 232 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына (бұдан әрі – Қағида) сәйкес - мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін (бұдан әрі – зейнетақылар) алуға құқығы бар адам-

дар тұрғылықты жері бойынша Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті және сәйкестендіру үшін жеке басты куәландыратын құжатты:

1) зейнетақылар тағайындау үшін – Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынады.

2) базалық зейнетақы тағайындау үшін портал арқылы ұсынады.

Қандас мәртебесі бар адамдар зейнетақылар тағайындауға жүгінген кезде сәйкестендіру үшін қандас куәлігі ұсынылады.

Әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі немесе қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа мұқтаж адамдарға зейнетақылар тағайындау үшін өтініш пен құжаттарды олардың заңды өкілдері береді.

Зейнетақылар тағайындау үшін өтінішті Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167 бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша үшінші тұлғалар береді.

Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсыну барысында нотариус «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34 бабы 1 тармағы 9) тармақшасына, 80 бабына сәйкес құжаттың қазақ немесе орыс тіліне дұрыс аударылғанын куәландырады.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі ол жыл және одан аз болған не ол болмаған кезде зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің он жылдан асқан әрбір толық жылы үшін оның мөлшері 2 пайызға ұлғайтыла отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің 70 пайызы мөлшерінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 118 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері - 35596 теңгені, 34 жыл және одан көп өтілі бар базалық зейнетақының ең жоғары мөлшері - 60005 теңгені құрайды.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін беру кезінде зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне:

1) Кодекстің 208 бабына сәйкес есептелген, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде істеген еңбек өтілі;

2) міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемелеріне 0 түзету коэффициенті қолданылған еңбек, кәсіпкерлік қызмет, қызмет түрлері бойынша жеке практикамен айналысу кезеңдері;

4) жұмыс істемейтін ананың немесе жұмыс істемейтін өкениң (ол нақты күтімді

жүзеге асырған кезде) жас балаларға күтім жасаған, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін жалпы жиынтығы 12 жыл шегінен аспайтын уақыт;

5) 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаға күтім жасаған уақыт;

6) әскери қызметтегі, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі кезеңдері;

7) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері жұбайларының (зайыптарының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен (зайыптарымен) бірге тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезең;

8) басқа адамның көмегіне мұқтаж бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы мүгедектігі бар жалғызбасты адамға және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарт адамға күтім жасаған уақыт;

Базалық зейнетақыны тағайындау үшін өтініш беруші келесі құжаттарды ұсынады:

1) өтініш берушінің зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттарды;

2) неке туралы куәлікті (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некеңі бұзу туралы куәлікті немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзіндіні (бар болса) ұсынады.

Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттарға (олардың болуына байланысты) мыналар жатады:

1) Өтініш берушінің 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілін растайтын құжаттар: еңбек кітапшасы; еңбек кітапшасы жоқ немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, нақтылық болмаса, түзетулер және оқулығанда әртүрлілік болса архив мекемелерінен немесе жұмыс орнынан анықтамалар, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтамалар; білімі туралы құжат; ескери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімінің) анықтамасы; балалардың туу туралы куәлікті (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама).

2) жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен уақытын растайтын құжаттар: балалардың туу туралы куәлікті (туу туралы актілік жазбадан үзінді немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген азаматтық хал актілерін

тіркеу туралы анықтама);

3) жұмыс істемейтін өкениң жас балаларды нақты бағып-күткені фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі (көрсетілген кезең баланың анасының зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есептелмейді);

4) бірінші топтағы мүгедектігі, екінші топтағы жалғызбалық мүгедектігі және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерді, сексен жасқа толған қарттарды, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы бағып-күтуді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі;

Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе өкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға), бірінші топтағы мүгедекке күтімді жүзеге асыратын адамға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алу туралы мәліметтерді мемлекеттік АЖ-дан растау кезінде сот шешімін ұсыну талап етілмейді.

Міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең орталықтандырылған дерекқордағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы мәліметтермен расталады.

Міндетті зейнетақы жарналары толық және уақтылы аударылмаған жағдайларда міндетті зейнетақы жарналарының (олардың болуына қарай) жүзеге асыру кезеңдері мынадай құжаттармен расталады:

1) міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезеңдер өтініш беруші еңбек өтілін растайтын құжаттарда көрсетілген еңбек қызметінің кезеңдеріне сәйкес келсе Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары (құқықтық мирасқордың) немесе архивтік мекеменің растау анықтамасы;

2) міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезеңдерін растайтын сот шешімі.

Зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтар еңбек өтілі бойынша (еңбек кітапшасы, білімі туралы құжат, әскери қызмет құжаты, балалардың туу туралы куәлігі, т.б.) құжаттарды кеңес алу үшін тұрғылықты тіркелген мекен жайдағы Мемлекеттік корпорацияға (ХҚКО) немесе Петропавл қаласы, Абай көшесі, 64 мекен жайында орналасқан департаментке жүгінуге болады.

Департаменттің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің қабылдау күндері - әр дүйсенбі және бейсенбі сайын сағат 08.00-ден 17.30-ға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Сонымен қатар, 8-7152-32-00-16, 32-00-61, 32-00-69 телефондарына хабарласуға болады.

А. КЕМЕҢГЕРОВА.
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы.

ОТБАСЫ БАНК ТҮСІНДІРЕДІ

БІРЫҢҒАЙ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ (БЗТ) ЕСЕБІНЕН ҚАРЫЗДАРДЫ ІШІНАРА ЖӘНЕ ТОЛЫҚ ӨТЕУ ТӘРТІБІ

«Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы – Бәйтерек құрамындағы Отбасы банк enpf-otbasy.kz платформасында зейнетақы жинақтарының артық бөлігін қарыздарды ішінара және толық өтеуге пайдалану бойынша өтінімдерді қабылдауды қайта бастады.

Бұған дейін бұл мақсаттағы өтінімдерді қабылдау бір айға тоқтатылған болатын. Бұл банктің қашықтан қызмет көрсету сервистері – мобильді қосымша мен otbasybank.kz порталындағы жеке кабинетті – жаңа талаптарға бейімдеу үшін қажет шара болды. Өзгерістер тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларына енгізілді. Атал айтықанда, «берешек» термині «негізгі қарыз» терминімен ауыстырылды.

Бұл азаматтар үшін енді БЗТ есебінен қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеген кезде қаражат тек несиеңіз негізгі қарызын азайтуға ғана бағытталатынын білдіреді. Қарыз бойынша есептелген сыйақы, сондай-ақ ай сайынғы төлем құрылымына кіретін өзге де ілеспе төлемдерді қарыз алушы өз қаражаты есебінен дербес төлейді.

Отбасы банкте БЗТ көмегімен қарыздарды ішінара және толық өтеу үдерісі енді екі кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) зейнетақы жинақтарының артық бөлігін сұрату. Бұл кезең ӨЗІРГЕН ЖОҚ.

Банк клиенті enpf-otbasy.kz платформасына электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы кіреді. «Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі бойынша ипотекалық қарыз берешегін ішінара немесе толық өтеу» мақсатын таңдайды. Өтінімді қол қоюып, БЖЗҚ-ға жібереді. Өтінім 5 жұмыс күні ішінде қаралады және егер артық қаражат

болса, БЗТ сомасы Отбасы банктегі арнайы шотқа аударылады.

Қаражат арнайы шотқа түскеннен кейін клиент 20 жұмыс күні ішінде оны пайдалануы тиіс.

Екінші кезең – ағымдағы шотты өз қаражатымен толықтыру. Бұрын мұндай кезең БОЛМАҒАН.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес, БЗТ есебінен енді тек негізгі қарызды өтеуге болады. Сондықтан қарыз алушылар есептелген сыйақы сомасын (және өзге де төлемдерді) алдын ала Отбасы банктегі ағымдағы шотына аударуы қажет.

Ағымдағы шотқа енгізілуі тиіс сома банктің қашықтан қызмет көрсету сервистерінде БЗТ көмегімен қарызды ішінара немесе толық өтеу кезінде автоматты түрде көрсетіледі.

БЗТ көмегімен қарыздарды ішінара және толық мерзімінен бұрын өтеудің кезең-кезеңімен тәртібі:

1. Клиент Отбасы банк мобильді қосымшасында немесе otbasybank.kz жылжымайтын мүлік порталында авторизациядан өтеді.

2. Операция жүргізуді жоспарлаған қарызын таңдайды.

3. Қолжетімді операциялар тізімінен «Ішінара мерзімінен бұрын өтеу» тармағын таңдайды.

4. Одан кейін қарызды өтеу жүргізілетін шотты таңдайды. Егер БЗТ қаражаты бар

арнайы шот таңдалса, клиенттің басқа – ағымдағы шотында болуы тиіс ең төменгі сома көрсетіледі. Бұл сома несие бойынша банктің сыйақысын төлеуге бағыталады.

5. Егер ағымдағы шотқа банктің сыйақысын төлеуге жеткілікті қаражат болса, «Жалғастыру» батырмасы белсенді болады және клиент келесі қадамға өтеді.

6. Клиентке ішінара мерзімінен бұрын өтеудің егжей-тегжейі көрсетіледі. Осы кезеңде операция шарттарымен танысып, келісім белгісін қойып, «Жалғастыру» батырмасын басу қажет.

7. Жүйе ішінара мерзімінен бұрын өтеуге өтініш қабылдап отырды. Клиент өтінішпен танысып, SMS арқылы алынған ОTR-код көмегімен оған қол қояды. Бұдан кейін операцияның өңделуін күту қажет.

8. Өңдеу аяқталған соң «Жалғастыру» батырмасы қолжетімді болады. Клиентке жаңа төлем кестесі танысу үшін ұсынылады. Операцияны аяқтау үшін кестені ОTR-код арқылы қол қою қажет. Өңдеу аяқталғаннан кейін клиент кестені жүктеп алады.

9. Соңғы қадамда «Аяқтау» батырмасы көрсетіледі. Клиент қарыздың ішінара мерзімінен бұрын өтелгені туралы хабарламаны көреді.

Бұл мысалдар арқылы қалай жүзеге асады?

1-мысал: Банк клиентінің 200 000 теңге көлемінде зейнетақы жинақтарының артық бөлігі бар. Ол осы қаражат есебінен қарызын ішінара мерзімінен бұрын өтегісі келеді.



Операция жасалған күні қарыз бойынша 10 000 теңге көлемінде сыйақы есептелген.

Ішінара мерзімінен бұрын өтеудің жалпы сомасы 210 000 теңгені құрайды.

• Клиенттің ағымдағы шотынан банктің сыйақысын өтеу үшін 10 000 теңге есептен шығарылады.

• БЗТ шотынан негізгі қарызды өтеу үшін 200 000 теңге есептен шығарылады.

2-мысал: Банк клиентінің 1 000 000 теңге көлемінде зейнетақы жинақтарының артық бөлігі бар. Ол осы қаражат есебінен аралық қарызды толық мерзімінен бұрын өтегісі келеді.

Бұл қарыз түрі бойынша 8 000 теңге сыйақы есептелген. Негізгі қарыз қалдығы 800 000 теңгені құрайды. Клиент ағымдағы шотында 8 000 теңге көлемінде қаражаттың болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Клиент қарызды толық мерзімінен бұрын өтейді:

• 800 000 теңге – БЗТ шотынан негізгі қарызды жабуға жұмсалды;

• 8 000 теңге – ағымдағы шоттан банктің сыйақысын өтеуге есептен шығарылады;

• Қалған 200 000 теңге БЗТ шотында сақталады.

НАУРЫЗНАМА

Көктемнің алғашқы айымен бірге бірнеше мереке қатар келеді. Аяғыс айту күнімен басталған наурыз 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мейрамына жалғасады. Соңғы аталған екі мейрам да «ҚР мерекелер жиналы» заңына сай мемлекеттік мерекелер болып есептеледі. Соның ішінде қазақтың жаңа жылы саналатын Наурыз мейрамы ұлттық мән-маңызына ие. Бір кездері көмескіленіп, халықтың жадынан шыға бастаған мейрам тәуелсіздік жылдары қайта жаңғырып, тойлана бастады.

КӨРІСУ КҮНІ – НАУРЫЗДЫҢ БАСТАУЫ



Бүгінде наурызды 21-22 наурызда ғана емес, бірнеше күн қатарынан тойлау дәстүрі қалыптасуда. Мәселен, биыл халықаралық мерекені тойлауға арналған Наурызнама онкүндігі өтеді. Еске сала кетейік, наурыз мейрамын тойлаудың мұндай жаңа форматы 2024 жылы енгізілген болатын.

Онкүндіктің әр күні халқымыздың мәдени байлығын паш етуге бағытталған белгілі бір тақырыпқа немесе құндылыққа арналады. Мәселен, алғашқы күні – Көрісу күні – Амал мерекесі. 14 наурыз сөлем беріп, амандық-саулық сұрасу, жаңа жаспен құттықтап, ізгі тілектер айтылады. Ал 15 наурыз – Қайырымдылық күні, 16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні, 17 наурыз – отбасы құндылықтарды доріктеуге бағытталған Шаңырақ күні. Ары қарайғы да әр күндердің өз атауы мен мән-мағынасы бар. 18 наурыз – Ұлттық киім күні, 19 наурыз – Жаңару күні, 20 наурыз – Ұлттық спорт күні, 21 наурыз – Қазақстан халқының бейбітшілігі мен бірлігін бейнелейтін Ынтымақ күні, 22 наурыз – Жыл басы, 23 наурыз – Тазару күні.

Осы жаңа формат пен Наурыз мейрамы туралы тарихшы Роза Бахова айтып берді:

«Тарихта Наурызды тойлау 8-9 күнге, тіпті одан да ұзаққа жалғасқан. Оны Наурызнама деп атаған. Бұл туралы деректер ұлы философ-жазушыларымыз Махмұд Қашқаридың, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Абай Құнанбайұлының, Мұхтар Әуезовтің еңбектерінде жазылды.

Әрі бұл тек қазақтың ғана емес, түркі халықтары мен басқа да бірнеше елдің мейрамы. Тарихы тереңде жатқан жыл басын тойлау дәстүрі біраз мемлекетте қазірге дейін жақсы сақталған. ЮНЕСКО бұл мейрамды адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы ретінде қорғауға алған.

21 наурызда күн мен түн теңеліп, жаңа кезең басталады. Ол табиғаттың да, адамзаттың да, еңбектің де түлеуін білдіретін символ. Тойлаудың ұзаққа созылуы да осыдан. Ал қазіргі онкүндік пен мейрамдауға келсек, ол көнерген дәстүр мен салтты, мәдени мұра мен материалдық құндылықтарды

қайта жаңғыртудың жақсы жолы. Әрине, тек наурызда емес, әрдайым ұлттық құндылықтар мен код назарда болуы тиіс. Десек те, оған жеке-дара назар салыпатын, ресурс берілетін, акцент қойылатын осындай күндердің болғаны да керек. Олардың оң әсері байқалып жатыр.

Мәселен, жастар арасында ежелгі ою-өрнектермен әсемделген, қазақы нақыштағы әшекей-бұйымдар, соның ішінде дүкен сөрелерінен жоғалып кеткен шашбаулар мен шошпылар танымалдылыққа ие бола бастады. Тағы ұлттық «ісі» аңқып тұрған күрешелер мен заманауи шапандар, қыз балаларға арналған «көрсеттер», белдіктер мен сағаттар бренд болып қалыптасып қалды. Он жыл бұрынғымен салыстырғанда күнделікті өмірде қазақша ою-өрнек пен ұлттық нақыштағы киімдер, тақиялар саны артқан. Оны киетіндерді бұрынғыдан қарағанда жиірек ұшырастырамыз. Демек, жылына бір рет, бір күн демей, соған барымызды салсақ, оның тікелей де, жанама да әсері көп күттірмейді. Насихат пен жаңғыртудың бұдан артық қандай мысалы болуы мүмкін?»

Иә, қазір ұлттық киімдермен қатар ұлттық ойындарды, ұлттық спорт түрлерін дамытуға да көптеп көңіл бөлінуде. Олар спорт пен дене шынықтырудың ажырамас бөлігі ретінде дамып келеді. Бөлініп жатқан бюджет те артып жатыр. Тәуелсіздіктен бері елімізде 25-тен астам ұлттық спорт түрі қарқынды дамып келеді. Оның ішінде қазақ күресі, тоғызқұмалақ, асық ату, күсбегілік, көкпар, аударыспақ, тенге ілу, жамбы ату, ұлттық ат жарысы түрлерімен айналысатындар саны артты. Нәтиже де жаман емес. Оны дүниежүзілік көшпенділер ойыны көрсетті.

Базауа ДІДДӨБЕК

БІР ӨЛЕҢНІҢ ТАРИХЫ

ГҮЛСІМ ХАНЫМГА



«Гүлсім ханымға» өлеңі Мағжанның Гүлсім Камаловаға арналған алғашқы өлеңі болып табылады.

Гүлсім Камалова – татар қызы. 1914 жылы Петербургтегі ақсүйек қыздардың педагогикалық институтын бітірген. Бірінші дүниежүзілік соғысқа «шафқатылық тәтесі» (сестра милосердия) болып қатысқан. Соғыстан кейін Мичуринге тұрмысқа шыққан.

«Гүлсім ханымға» өлеңнің тарихы мынадай: 1920 жылы Омбыдан Қызылжарға көшіп келген мұғалімдер курсында Мағжан әрі директор, әрі мұғалім болып қызмет атқарған. Сол кезде Башқұртстаннан Мичурин деген ауқатты кісі жақында ғана үйленген Гүлсім деген жас әйелімен көшіп келеді.

Гүлсім - Мағжан басқаратын курсқа математикадан сабақ беруге мұғалім болып орналасады. Гүлсім курсқа келген күннен бастап өзінің асқан сулулығымен, оның үстіне ерекше тақалпар мінезімен жұрттың көңілін өзіне аударады. Ол ешкімге сөлем бермей, берген сөлемін де алмай тіп-тік келіп, тіп-тік шығып кетеді екен.

Бір күні Мағжан оқытушылар бөлмесіне кіріп келсе, Гүлсім бір столдың жанында жалғыз отыр екен. Кіріп келген Мағжанға сөлт етіп қарамайды да, бұған таң қалған Мағжан Гүлсімге қарама-қарсы отыра қалады. Бірдене айтқысы келіп оңтайлана бергенде үй сыпырушы татар әйелі кіріп келіп: «Гүлсім ханым сізді телефонға шақырады!», - дейді. Гүлсім шығып кетеді.

Мағжан столдың үстінде қалып қойған Гүлсімнің қалың дәптерін көреді. Дәптерді алады да оның бір бетіне табан астында шығарып 8 жол өлеңді жазады.

Сөлден соң Гүлсім бөлмеге қайта кіріп: «Мағжан мырза, мені қоғам шақырып жатыр, рұқсат етсеңіз қайтайын?», - дейді.

Ертеңіне Мағжан басқа мұғалімдермен дәлізде келе жатса, Гүлсім кіріп, Мағжандарға қарама-қарсы жүреді. Әдетте, жан адаммен тілдеспейтін, сөлем бермейтін паң Гүлсім: «Сәлеметсіз бе, құрметті Мағжан мырза!» деп қастарынан өте шығады.

Сол күні сабақ біткеннен кейін Мағжан Гүлсімге келіп: «Гүлсім ханым, Сізді орта жолға дейін шығарып салуға бола ма?», - деп сұрайды.

Сонда Гүлсім: «Жоқ, Мағжан мырза, орта жолға дейін емес, жолдың аяғына дейін шығарып салуыңызға болады!», - деп жауап берген екен. Кейіннен Гүлсім Мағжанға өлеңмен былай деп жауап жазады:

Жүреклар тәңірісі отпы!
Көшір бір өзге алаула,
Көзіңнің шағаласын менан
Сиқырлы ып-дызым, тездан!
Әйелінің Мағжанмен қарым-қатынасын сезген Мичурин арада бір жыл өткен соң, Қызылжардан көшіп кетеді. Ол, тіпті, Мағжанды өлтірмекші де болады.
Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,
Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?
Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,
Көктемгі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!
Гүлсім – Күн, көкте ақырын жүзе біледі.
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

Айгүл ТЕҢДІКҚЫЗЫ,
«Мағжан Жұмабаев музей» филиалының директоры.

Суретте: Гүлсім Камалова 1910 жыл түскен.

Наурызнама - ел бірлігін нығайтудың маңызды ішкі факторы ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымын бекітудің маңызды элементі.

Тай тарихы бар, жаңару мен бірліктің символына айналған Наурызнама Diogo-Sanapiro карнавалына, Жапониядағы сакура гүлдері мерекесіне, Үндістандағы Хали фестиваліне, Германиядағы Октоберфестке, Испаниядағы Сан-Фердин немесе Томатина фестивальдеріне ұқсас Қазақстанның негізгі туристік бренд бола алады.

Мерекенің онкүндік форматы фестиваль циклін құруға мүмкіндік береді, онда күн сайын туристерге қазақтың салт-дәстүрін, ұлттық тағамдарын, ойындарын, музыкасын, қолөнері мен заманауи өнерін таныстыратын жаңа қызықты іс-шаралар ұсынуға болады.

Биыл Наурызнама онкүндігі аясында еліміз бойынша халықтың дәстүрлерін, мәдениетін мен тарихын насихаттауға бағытталған көптеген ауқымды іс-шаралар өтеді.

НАУРЫЗНАМА – НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ҰЛЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР КЕШЕНІ

Қазақстанда Наурыз мейрамы 14-23 наурыз аралығында кеңінен тойланады

2024 жылдан бастап Наурыздың 10 күні «Наурызнама» ретінде атап өтіледі

Биылғы Наурызнама күндері мен тақырыптары:

- 14 наурыз – Көрісу күні (Амал мерекесі)
- 15 наурыз – Қайырымдылық күні
- 16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні
- 17 наурыз – Шаңырақ күні (Отбасы күні)
- 18 наурыз – Ұлттық киім күні
- 19 наурыз – Жаңару күні
- 20 наурыз – Ұлттық спорт күні
- 21 наурыз – Ынтымақ күні (Бірлік пен ынтымақ күні)
- 22 наурыз – Жыл басы (Ұлыстың ұлы күні)
- 23 наурыз – Тазару күні

С НАУРЫЗ АЙЫНЫҢ 16-НАН 17-ІНЕ ҚАРАҒАН ТҮН - ҚАДІР ТҮНІ

ҚАДІР ТҮНІ - МЫҢ АЙДАН ДА ҚАЙЫРЛЫ

Әлемдерді жаратқан Алла Тағалаға сансыз мадақ, адамзаттың асылы Мұхаммед Пайғамбарымызға көптеген салауат пен сәлем болсын!

Құрметті жамағат, қадірменді бауырлар!
Міне, Аллаға шүкір, Қасиетті Рамазан айының соңғы он күндігіне де аман-есен жетіп отырмыз. Жаратқан Алла ұстаған оразаларымызды, дұға-тілектерімізді қабыл еткелі!

Алла Тағала пенделеріне кейбір күндер мен түндерді қасиетті етіп берген. Айталық қасиетті ай бар. Ол – Рамазан айы. Қасиетті күн бар. Ол – жұма күні, Арафа күні. Қасиетті уақыт бар. Ол – дұға қабыл болатын сәт. Қасиетті түн бар. Ол – мың айдан да қайырлы Қадір түні.

Міне, біз сөз еткелі отырған Қадір түні басқа түндермен салыстырғанда ерекше түн. Бұл түнде Жаратушы Иеміздің пенделеріне берер сыйы да мол. Раббымыз пендесіне басқа түндерде бермеген ризық-несібесін осы түнде уәстеді. Сол себепті, мұсылман қауымы Қадір түнін тағатсыздана күтіп, оны құр жіберіп алмауға әрі бұл түнді тиімді пайдалануға тырысады. Сондай-ақ мұсылман қауымының Қадір түнін күтудің тағы бір себебі – Жаратушыға жақындау. Себебі, Қадір түнінде тілеген дұға-тілектер сөзсіз қабыл болады.

Қадір түні қандай түн?

Ислам дінінде Қадір түні «үкім түні» деп айтылады. Себебі, Қадір түнінде келесі жылы орындалатын істерге, тағдырға үкім жазылады. Бұл туралы қасиетті Құран Кәрімнің «Духан» сүресінің 4-аятында жазылған:

«Ол кеште барлық хикметті істер айырылады».

Қадір түнінің тағы бір мағынасы «абырой, бедел» сөздерімен байланысты. Құрандағы «Қадір» сүресінде бұл түннің қаншалықты қадірлі екені баяндалады:

«Қадір түні мың айдан да артық».

Мың ай дегеніміз шамамен 83 жыл 4 айды, бәлкім одан да көп уақытты құрайтын қасиетті түн. Ислам ғалымдары осы аятты және хадистерді негізге ала отырып, жасаған құлшылығы Қадір түніне сәйкес келген адам мың ай бойы амал еткендей сауап алады деген тұжырым айтқан.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Рамазан айы келгенде мынадай гиратты сөзін жеткізген:

«Расында, сендерге бұл ай келді! Онда мың айдан да қайырлы бір түн бар. Сонда кім ол түні бейқамдық танытса, оның барлық игілігінен құр қалады. Ал оның барлық игілігін тек нағыз мақрум адам ғана айырылып қалады!».

Қадір түнінің қай түнге сәйкес келетіндігі тек Алла Елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ғана білдірілген. Алайда әрбір істі белгілі бір хикметпен, даналықпен жаратқан Алла Тағала Пайғамбарымызға ол түнді ұмыттырған. Десе де, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің көптеген хадисінде Қадір түнін Рамазан айының соңғы он күнінде және сол он күндіктің тақ түндерінен іздеуімді бұйырған. Яғни Қадір түні Рамазан айының 21, 23, 25, 27, 29 күндері



болуы өбден мүмкін.

Тақ түндерге байланысты сахаба Абдулла ибн Омардан (Алла оған разы болсын) бірнеше жолмен жеткен сахих хадисінде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Қадір түнін Рамазанның 27-түні іздеңдер»**, - деген (Бухари, Мұслим).

